

поздние тюркские народы - дешт-и-кыпчакские узбеки. Другими словами, с приходом в регион новых кочевников, меняется и специфика использования этнонимов, таджиками называют - все оседлое население региона, в том числе и тюркское.

Рассматривая историю развития этнонима тат и татжик, можно справедливо утверждать, что в разных регионах и в разные периоды, значение терминов менялось и заменяло друг друга. Так в Средней Азии в XI веке тат - иранец, живущий оседло, таджик - представитель иранского оседлого населения региона Согда. С XVI века значение таджик используется уже преимущественно в отношении всего оседлого населения, живущего отличным образом от кочевников. В Закавказье - тат, ираноязычный горец, ведущий образ жизни отличный от тюркского населения, говорящий на своем языке, сохраняющий архаичные обычаи персидского народа.

Использованная литература

1. V. Thomsen. Turcica. Etudes concernant l'interpretation des inscriptions turques de la Mongolie et de la Siberie, «Memoires de la Societe Finno-ougrienne», XXXVI, Helsingfors, 1916—1917.
2. Н. Н. Schaeder, Tiirkische Namen der Iranier, «Die Welt des Islams», 1941, Sonderband, S. 15.
3. В. В. Бартольд, Таджики, Соч., т. II, ч. 1, М., 1963, стр. 461.
4. А. Н. Кононов, Родословная туркмен. Сочинение Абул Гази хана Хивинского, М.—Л., 1958, стр. 56.
5. Н. Муравьев, Путешествие в Туркмению и Хиву в 1819 и 1820 гг., М., 1822.
6. А. Д. Гребенкин, Таджики, «Русский Туркестан», вып. II, М., 1872, стр. 1.
7. Т. А. Жданко, Каракалпаки Хорезмского оазиса, «Труды Хорезмской экспедиции», I, М., 1952, стр. 547.
8. V. Ivaпov, The dialect of Gozarkhon in Alamut, «Acta Oriertalia», vol. IX, pt. IV, 1931, p. 353.
9. А. А. Ромаскевич, Песни кашкайцев, «Сборник Музея антропологии и этнографии», т. V, вып. 2, стр. 57.
10. История Ширвана и Дербента. — Кембридж, 1958; М., 1963.
11. Джалал Али Ахмад, Оуразан, Тегеран, 1954 (на перс. яз.); см. рецензию на эту книгу: М. С. Иванов, Иранская деревня Оуразан, «Сов. этнография», 1959.
12. Б. Х. Кармышева, Некоторые данные к этногенезу населения южных и западных районов Узбекистана, КСИЭ, XXVII, 1957, стр. 14.

ЖАҢААРҚА ӨНІРІНДЕГІ ҚОЛА ДӘУІРІНІҢ ЕСКЕРТКІШТЕРІ

Аршабеков Т.Т.

Қарағанды облысы ғылыми-техникалық құжаттама жөніндегі архив басшысы
Қарағанды қ., Қазақстан

Орталық Қазақстанның ежелгі дәуірдегі ескерткіштері жайлы мәліметтер орта ғасырлық зерттеушілердің еңбектерінде кездеседі. Олар саяхатшылар мен саудагерлердің және осы дала арқылы өткен керуеншілердің жазып қалдырғандары болатын. Өнірдің суреттемелері кейінірек пайда болды. Ресейдің құрамына кіргеннен кейін қазақ даласына әртүрлі зерттеушілер мен саяхатшылар келді. Орталық Қазақстанда археологиялық қазба жұмыстары, археологиялық материалдарды тіркеу және сипаттама беру төңкеріске дейінгі уақытта жеткіліксіз жүргізілді. Қазақстанның археологиялық ескерткіштерін жоспарлы түрде зерттеу Қазан төңкерісінен кейін басталды. Бұл мақсатта бірнеше үлкен экспедициялар ұйымдастырылды.

Аз уақыттың ішінде солтүстік және солтүстік-батыс Бетпак далан зерттеліп, Жанаарқа ауданы жерінде бірнеше ірі қорымдар ашылды: Айшырақ, Дарат, Саңғыру, Ұйтас, Атасу, Жанайдар, Айбас дарасы және Атасу I, II, т.б.

Қола дәуірі ескерткіштерін қазу сонымен қатар Нұра өзені мен оның сағалары бойында, Ортау, Ақшатау, Қарқаралы және Баянауыл тауларында жүргізілді. Б.Н. Граковтың және М.П. Грязновтың 1930 жылы жасаған болжамдары ақталды. Ғалымдар қазақ даласы “ежелгі мәдениетке бай және жеткілікті дәрежеде сипаттама береді”, ал “қола дәуірінің әр жерде орналасқан тұрақтары мен мұраларын Қазақстанның ежелгі тарихын қалпына келтіреді” деп жазып кеткен болатын[1].

Алғаш рет Орталық Қазақстанның қола дәуірі ескерткіштерін кезеңдеу К.В.Сальниковтың ұсынысымен жүзеге асты. Ғылымда: Федоров, Алакөл және Дәндібай кезеңі деген ұғымдар пайда болды.

Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының көп жылдық далалық зерттеулерінің нәтижесінде Андрон мәдениетінің Федоров кезеңін “Нұра кезеңі”, ал Алакөл кезеңін Жанаарқа ауданындағы өзеннің атымен “Атасу кезеңі” деп атау қойылды. Беғазы-Дәндібай мәдениетінің ескерткіштері бөлек жіктелді[2].

Ескерткіштердің ең үлкен тобы Андрон мәдениетінің Атасу кезеңіне жатады. Бұл кезең генетикалық жағынан Нұра кезеңімен байланысты және оның тарихи жалғасы деп есептелінеді. Бұл кезеңге тән қасиеттер - дамыған шаруашылық, тау-кен жұмыстарының, мыс пен қалайы өндірудің өсуі. Осы кезден бастап жерлеу орындарында құралдар кездеседі. Қоныстар көбейеді. Ру арасында жеке меншік орын алады. Үлкен патриархалды отбасылар өз алдына шаруашылық құрып, руға қарсы тұратын жағдайға жетеді.

Атасу кезеңінің ескерткіштерінің ерекшеліктері: қорғандар дөңгелек, төртбұрышты, сопақ пішінді жалпақ дуалдардан тұрады.

Өлікті беті тақтатаспен (плитамен) жабылған жәшікке, кейде қазылған шұңқырға жерлеген. Жұп ұраларда өлгендер бір жәшікте, заттары бір жәшікте, бірақ бір дуалдың ішінде орналасқан.

Атасу кезеңіне өлікті жерлеу дәстүрі тән, өртеу сирек кездеседі. Өлікті аяқ-қолын бүгіп, сол жағымен, басын батысқа қаратып жерлеген. Оңтүстік және солтүстік батыс бұрыштарына 1-2 ыдыс қойылған, егер үшіншісі болса төменірек кеуде тұсына қойылған.

Ыдыстардың үш түрі кездеседі: дөңгелек иықты құмыралар, банка тәріздес және бүйірлі құмыралар. Олардың көбі ұсақ және тегіс штамппен өрнектелген. Өрнек үш аумақта орналасқан: аузында, иінінде және түбінде.

Металл бұйымдар, әшекейлер, жыртқыштардың азу тістері кейде қызыл түске боялып кездеседі.

Бетпақдаланың солтүстігіндегі Атасу өзенінің бойында қола дәуірінің ескерткіштері көптеп орналасқан. Атасу ескерткіштері деп аталатын бұл ескерткіштер тобы үш тарихи кезеңге сәйкес келеді. Ерте кезеңге Ақ-Мұстафа және Шет зираттары сәйкес. Алакөл кезеңі типіндегі қыштар және жебенің қола ұштары б.д.д (біздің дәуірге дейінгі) II мыңжылдықтың екінші жартысына сәйкес келеді. Орта кезеңге (б.д.д II мың жылдықтың үшінші жартысына) және кейінгі кезеңге (б.д.д I мың жылдықтың басы) Атасу қонысы жатады.

Бұл аумақтан әзірше энеолит және ерте қола дәуірі қоныстары мен зираттары кездескен жоқ. Ескерткіштердің жасалу және қолданылу мезгілін сол заманда жасалған еңбек құралдары, әшекей бұйымдары айғақтайды. Жанаарқа ауданының ескерткіштерін зерттеу барысында 68 қоладан, сүйектен, тастан жасалған жебенің ұштары кездесті. Олар: Атасу қонысынан -18, Мыржық қонысынан -7, Шет I зиратынан-14, Қойшоқы II зиратынан -2, Ақ Мұстафа зиратынан -9, Айшырақ зиратынан -5, Жаман-Өзен II зиратынан -3, Саңғыру I зиратынан -1 данасы табылған болатын[3].

1975-1981 жылдары Атасу өзенінің бойында жүргізілген экспедицияны талантты ғалым Мир Қасымұлы Қадырбаев басқарды. Осы өңірдің далалық зерттеу жұмыстарына ғалымдар: А.С Загородний, Т.И Кулик, С.У Жауымбаев, А.С Ермолаева, З.С Самашев, Э.А Усманова, Л.Н Ермоленко, және суретші Л.Расакозова атсалысты. Атасудың мыс қорыту пештерінің

жоспарын және қайта жөндеуін (реконструкциясын) Санкт-Петербург қаласының архитекторы Н.С. Ғецова жүргізді.

Бұл өңірге байланысты Орталық Қазақстандағы ірі археологиялық жаңалықты алғаш рет тау-кен инженері Козырев А.А. ашқан болатын. 1904 жылы Жаңаарқа ауданының солтүстігіне қарай 50 км жерде орналасқан Қараағаш шатқалындағы бір қорғанды зерттеп, одан ерте Ғұн кезеңіне жататын (III-IVғ) әйел адамның өте бай мұрасын тапқан болатын. Ол жерден келіншектің бас киімі (қазақ сәукелесі типінде), алтын сырға, салпыншақ, янтарьмен әшекейленген белдік, жұқа шыныдан жасалған ыдыс кездесті. Бұл мәдениет Орталық Қазақстанды мекендеген тайпаларымен Қырымдағы Қара теңіз тайпаларының арасында сауда-саттық болғандығын дәлелдейді. Әйел қаңқасының жанында жылқының жарты қаңқасы жатыр. Осы жерден тас мүсін де табылды.

А.А. Козырев Қараағаш қорғанының қазу жұмыстарын ретімен сипаттап берді. Бірақ ол ескерткіштің уақытын дәлдеп көрсете алмады.

Кейінгі отыз жылдан астам уақыттың ішіндегі Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының далалық зерттеулерінің нәтижесінде Жаңаарқа өңірінің, әсіресе Ақтау тау массивінің, Манақа, Атасу өзендерінің бойынан жүздеген әр кезеннің ескерткіштері анықталып, қазба жұмыстары жүргізілген болатын. Осы тарихи-мәдени мұраны жаңғыртудағы академик Ә.Х. Марғұланның еңбегін ерекше атап өткен жөн.

Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының Орталық Қазақстан бөлімі тарапынан 1990 жылы осы өңірдің 50-ден астам археологиялық ескерткіштері анықталып, төлқұжаттары жасалды.

Елбасының 2007–2009 жылдарға арналған «Мәдени мұра» бағдарламасының аясында Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткіштерін бір қалыпқа келтіру және ғылыми тұрғыда зерттеу мақсатында Қарағанды облысы көлемінде бірінеше экспедиция зерттеу жұмыстарын жүргізді. Облыстық мәдениет департаменті жанында Қарағанды облыстық тарихи-мәдени мұраларды қорғау мемлекеттік инспекциясына Жаңаарқа ауданының тарихи ескерткіштерін зерттеу жұмыстарын тапсырылды. Бұл археологиялық барлау жұмыстары т.ғ.к, доцент С.У. Жауымбаевтың жетекшілігімен жүргізілді[4].

Андрон кезеңінің Қосағалы молалар тобы Атасу өзенінің оң жақ сағасында, Қаражал кенішінен оңтүстік-шығысқа қарай 60 км жерде орналасқан. Бұл топтан тек 15 қоршау ғана сақталған. Олардың барлығы гранит тақтатастардан (плиталардан) қойылған шеңбер бейнесінде. Шеңберлердің аумағы 6-дан 11 метрге дейін. Ортасында мола жәшіктері орналасқан. Көлемі 1,9 дан 1,6, 0,90 немесе 1 метр. Топ 1950 жылы зерттелген. Андрон ескерткіштерінің кешейі Қосағалыға жақын Телжан қыстағының жанында, Қызылтау тауының батыс етегінде, Қараөзекте, Ұйтаста және Телжанда орналасқан. Бұл жерлерден тас мүсіндер, сынтас және түркі кезеңінің қорғаны кездесті.

Қосағалы тобының батыс шегіндегі бір қоршау зерттелген. Мұнда тек шеңбер шұңқыр ғана сақталған, бетінде тас болмаған. Шеңбердің аумағы – 6,5 метр, шеңберден солтүстік - батыста оңтүстік – шығысқа бағытталған екі «тас жәшік» табылған. Оңтүстіктегі үлкен «тас жәшіктің» көлемі – 1,9x0,9 метр, биіктігі 0,6 метр, солтүстіктегі жәшіктің көлемі 1,05x0,6 метр.

Қазба жұмыстары 0,6 метр тереңдікке дейін жүргізілген. Кішкентай «тас жәшік» бос болғандықтан, жерлеу дәстүрі мен уақыты анықталмаған.

Келесі «тас жәшікті» зерттеу барысында адамның қабырға сүйектері, қолдың және аяқтың саусақтары, омыртқа сүйектерінің шашылған қалдықтары табылған. Жәшіктің оңтүстік-батыс бұрышында 0,6 метр тереңдікте түбі батысқа қаратылған ыдыс жатыр. Ыдыс нашар дайындалған саз балшықтан жасалған. Ернеуі біраз қалыңдатылған, тік мойнына, иығына және ортасына дейін өрнектелген.

Ақ мұстафа қорымы. Бұл қорым қола, ерте темір дәуірлерінен және орта ғасырлардан сақталған ескерткіш. Атасу өзенінің сол жақ жағасында, Ақ-Мұстафа қонысынан оңтүстік-батысқа қарай 0,3 км жерде орналасқан. Қола дәуірінің бұл жерлеу орыны кішірек дөңде жатыр. 1976-1981 жылдардағы Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы

(жетекшілері М.Қадырбаев, Ж.Құрманқұлов) зерттеген. Қорымда 107 бейіт бар. Тігінен кадалған жақпар тастармен көмкерген 89 қоршау сақталған. Пішіні шеңбер, дөңгелек төртбұрышты. Зерттелген қырық қабірдің бәрі бұрын тоналған. Адам сүйектері шашылып қалған. Сақталған сүйектерге қарағанда, олар тізелері бүгіліп, қырымен, басы батысқа қаратылып жерленген. Асқа сойылып, өлікке бағышталған қой мен жылқы, кейбір жерде сиыр мүшелері қабір ішіне немесе оның батыс жағына қойылған. Ақ мұстафа қорымынан геометриялық өрнегі бар көзе, 5 қабыршақ бойтұмар, мыс моншақ, білезіктер, сыртын алтынмен қаптаған құйма салпыншақтар, жебе ұштары табылды. Атасу кезеңінен кейін Нұра кезеңіне тән қоршаулы төртбұрышты обаның қабырғалары жалпақ тастардан қаланған. Сыртқы қоршау көлемі 5,6x5,6м, ортасындағы қоршау көлемі 2,8x2,9 м. Оның ішіндегі терең қабырғалары да жалпақ тастардан өрілген (циста). Ортасына өртелген кісі сүйектері үйілген. Қабір ішінен мыс моншақ, қоладан иіп, сыртын алтынмен қаптаған 2 дөңгелек сырға табылды. Ер-тұрманымен көмілетін атқа арналған қоршу қорымның шығыс жағында бөлек орналасқан. Қоршау дөңгелек пішінді, шығысында ұзындығы 2 м, жоғары жағы ат тұмсығындай етін үшкірлеген сынтас қойылған. Оның айналасында лахат жасап жерлеген кісі молалары бар. Ақ мұстафа қорымынан табылған заттарға қарап, сол кезде, сол жерде өмір сүрген адамдардың қолөнершілікпен шебер айналысқанын көреміз. Олардың жерлеу тәсілдері де өзінше ерекше. Қорымның тоналғанына қарағанда, бұл қорымның әртүрлі керек заттарға бай болғанын байқаймыз.

Қорымның оңтүстік-шығыс шетіндегі бір қорған-қоршау түріндегі құрылыс тіркелген.

Дөңгелек қоршаудың ортасында диаметрі 4-7 м бір немесе екі жәшік орналасады. Жәшіктердің қабырғалары мөлшері 1-2,5x0,5-12 м жалпақ, біртұтас гранит плиталардан тұрғызылады.

Айшырақ кешені. Қарағанды облысы Жанаарқа ауданы Ақтау ауылының шығысында Атасу өзенінің сол жағалауында орналасқан Орталық Қазақстандағы «Андрон» мәдениетінің Атасу кезеңі мен «Беғазы-Дәндібай» мәдениетіне (б.з.б.14-12ғ.) ауысуға аяқ басқан дәуірінен қалған ескерткіштер тобы.

Бұл қорымды Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы 1952 жылы (Ө.Х.Марғұлан) және 1992 жылы (Ж.Құрманқұлов, С.У Жауымбаев) зерттеген. Қорым Жанаарқа ауданының Айшырақ елді мекенінің орталығына жақын жерде орналасқан. Оңтүстік шығысында 95 км жерде Қаражал қаласы бар. Бұл кешен солтүстіктен оңтүстікке дейін 105 метр, батыстан шығысқа дейін 360 метрге созылған, гранит тастардан құралған 102 қоршау мен 9 қоршаулы обадан тұратын үлкен молалар қорымы. Бейіттің оңтүстік-шығыс жағында құрбандық шалып, діни рәсімдер өткізетін, үлкен ақ шақпақ тастардан құралған бірнеше қоршау бар. Тастарының саны тақ - 7,9,11 данадан. Айшырақ қорымынан 13 қабір ашылды. Оның екеуі қола дәуірінің соңғы кезеңіне жатады. Мәйіттерді сол жақ не оң жақ бүйірімен бір қырынан жатқызып, қолы мен тізесін бүгіп, басын батыс, кейде шығысқа қаратып жерлеген. Кейде мүрдені өртеп, күлін көмген. Бас жағына геометриялық өрнектер салынған көзе қойылған. Бір қоршау ішінде екіден онға дейін қабір бар. Әр қоршау бір отбасы мүшелеріне арналған. Отағасы ортадағы қабірге, қалғандары қатарластыра жерленген.

Қола дәуірінде дамыған мал шаруашылығы кәсібі мен кен қорыту / металлургия/ Орталық Қазақстанды мекен еткен тайпалардың әлеуметтік тұрмысына бірталай өзгерістер енгізді. Атап айтқанда, малды күтін, бағу мен оны түз жыртқыштарынан қорғау қажеттілігі алдыңғы қатарға ер адамды шығарды. Ер адамның материалдық өндірісте жетекші міндетті атқаруына байланысты, жалпырулық қауымдық қатынастарда әкені құрмет тұту-патриархалдық, аталық руды қалыптастырды. Ер адамның материалдық игіліктерді өндіруде үстем дәреже алуы оны рулық қауымның басшысына айналдырды.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Марғұлан А.Х., Акишев К.А., Қадырбаев М.К., Оразбаев А.М. Древняя культура Центрального Казахстана. – Алма-Ата, 1966.

2. Маргулан А.Х. Бегазы – Дандыбаевская культура Центрального Казахстана. – Алматы, 1979.
3. Ежелгі мәдениет куәлары //А. Х. Марғұлан ред.// «Қазақстан» баспасы. - Алматы, 1966. – 44-47 б.
4. Отчет о научно-исследовательской работе по теме «Свод памятников Жанааркинского района», тарихи-мәдени мұраны қорғау жөніндегі Қарағанды облыстық инспекциясының мұрағаты. - Қарағанды, 2007.

ВКЛАД ВЫДАЮЩИХСЯ ПАВЛОДАРСКИХ УЧЕНЫХ В ИЗУЧЕНИЕ АРХЕОЛОГИИ КАЗАХСТАНА

Айдаркенова К.Б., преподаватель
НАО «Павлодарский педагогический университет»
г. Павлодар., Казахстан

Исследование деятельности павлодарских ученых имеет важное научное значение для исторической науки Казахстана. Во многом благодаря научно-исследовательской и организаторской деятельности уроженцев Павлодарского Прииртышья были осуществлены многие научные достижения в казахстанской исторической науке. Выдающиеся ученые – первый президент Академии наук Казахской ССР, академик, д.г.н. К.И. Сатпаев, академик АН КазССР, д.и.н. А.Х. Маргулан, академик АН КазССР, д.и.н. Е.Б. Бекмаханов, академик АН КазССР, д.и.н. К.А. Акишев, академик АН КазССР, д.и.н. С.Б. Бейсембаев, академик АН КазССР, д.и.н. Х.А. Аргынбаев, к.и.н. М.К. Кадырбаев, к.и.н. Х.А. Алпысбаев. Фактически труды этих ученых сегодня составляют золотой фонд исторической науки Казахстана.

Советская археология Казахстана второй половины XX в. представляет собой качественно новый этап развития науки. В этот период происходит превращение археологии в науку историческую, переход от вещеведения и типологических описаний к увязыванию археологического материала с историей развития человеческого общества, с историей развития производительных сил и производственных отношений, характерных для определенной ступени развития человеческого общества. В становлении и развитии археологической науки в Республике внесли крупный вклад археологи А.Х. Маргулан, К.А. Акишев, М.К. Кадырбаев и Х.А. Алпысбаев.

Согласно общепринятой исторической периодизации первым периодом в истории человечества является каменный век, состоящий в свою очередь из палеолита, мезолита и неолита. Уроженец Павлодарской области Х.А. Алпысбаев внес весомый вклад в разработку проблем палеолита и неолита на территории Казахской ССР.

В 1957-1960 гг. археолог руководил Каратауским палеолитическим отрядом. Хасан Алпысбаевич является первооткрывателем Южно-Казахстанского центра палеолитической культуры. Ученым были обнаружены многослойная палеолитическая стоянка им. Ч.Ч. Валиханова (Байдыбекский р-н Южно-Казахстанская область) и уникальная неолитическая пещерная стоянка Караунгур (Тюлькубасский р-н) и впервые были высказаны предположения, что территория Казахстана является одним из центров расселения древнейшего человека. Тем самым подтверждено, что на территории Казахстана в древности был крупный очаг археологической культуры каменного века.

Археолог, изучая стоянки первобытного человека в северо-восточной части г. Джекказгана, пришел к мысли о сосуществовании старых и новых форм каменных изделий позднего палеолита и неолита [1, с. 128].

Академику А.Х. Маргулану принадлежит научное достижение – открытие и обоснование бегазы-дандыбаевской культуры эпохи поздней бронзы – крупнейшего очага цивилизации в Центральном Казахстане. В 1946 г. была создана археологическая экспедиция, под руководством Алькея Хакановича по комплексному изучению эпохи